

## **ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ** **«MILKA нәзіктік толқынына бөлейді»**

### **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «MILKA нәзіктік толқынына бөлейді» шартты атауымен жарнамалық акциясы (әрі қарай – «Акция») «Мон’дэлис Русь» ЖШҚ-мен өндірілетін және/немесе өткізілетін «Milka» тауар белгісінің өнімдерін жылжытуға, сондай-ақ Milka өнімінің оң беделін және оған тұтынушы сұранысын қалыптастыруға бағытталған.  
Акция лотерея болып табылмайды, қатысу үшін төлем жасау талап етілмейді.
2. Акция Ұйымдастырушысы: ҚР, А05F8Y4, Алматы қ., Наурызбай Батыр к-сі, 17, «Сатори» БО, 3-қабат мекенжайы бойынша орналасқан «Urban Media» (Урбан Медиа) ЖШС (әрі қарай – «Ұйымдастырушы»), БСН 050840004119.
3. Акцияға Тапсырыс беруші: ҚР, А05B8Y6, Алматы қ., Төле би к-сі, 101, «Далич» БО, 5-ші қабат мекенжайы бойынша орналасқан «Мон’дэлис Қазақстан» ЖШС (әрі қарай – «Тапсырыс беруші»), БСН 080240015871.
4. Акция Қазақстан Республикасының аумағында Интернет желісіндегі [kz.promo.milka.ru](http://kz.promo.milka.ru) сайтында (әрі қарай мәтін бойынша – Сайт) өткізіледі
5. Акцияны өткізу мерзімі: соңғы күнді қоса 01 қазан 2020 ж. – 31 желтоқсан 2020 ж. (әрі қарай – Акция мерзімі).
  - 5.1. Акцияға қатысу үшін Акциялық өнімді сатып алу мерзімі: соңғы күнді қоса 01 қазан 2020 ж. – 31 желтоқсан 2020 ж.
  - 5.2. Сайтта Фискалдық чектерді тіркеу мерзімі: 01 қазан 2020 ж. сағат 00:00 бастап 31 желтоқсан 2020 ж. сағат 23.59.59 дейін.
  - 5.3. Осы Акцияның Жеңімпаздарын анықтау мерзімі: 01 қазан 2020 жыл – 31 қаңтар 2021 жыл (соңғы күнді қоса).
  - 5.4. Жұлделерді беру мерзімі: 01 қазан 2020 ж. – 31 қаңтар 2021 ж. (соңғы күнді қоса).
  - 5.5. Осы Ережелерде көрсетілген мерзімдердің барлығы Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен есептеледі.

### **6. АКЦИЯЛЫҚ ӨНІМ, АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Акцияға Milka® тауар белгісінің төменде көрсетілген өнімдері қатысады
  - «Milka» сүт шоколады, 90 г
  - Орман жаңғағы қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г
  - Бүтін бадам қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г
  - Бүтін орман жаңғағы қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г
  - Жержаңғақ, қытырлақ карамель тілімдері, күріш түйіршіктері мен жүгері үлпектері қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г
  - «OREO» піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 92 г
  - «LU» піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 87 г
  - «TUC» тұзды крекері қосылған «Milka» сүт шоколады, 87 г
  - «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 80 г
  - Орман жаңғағы қосылған «Milka Bubbles» ақ борпылдақ шоколады, 83 г
  - Кокос салмасы бар «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 97 г
  - Капучино дәмінен жасалған салмасы бар «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 97 г
  - Чизкейк дәмінен жасалған салмасы, құлпынай салмасы бар және піспенан қосылған «Milka» сүт шоколады, 300 г
  - OREO піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 300 г
  - Сүтті және карамельді салмалары бар және бүтін орман жаңғағы қосылған «Milka» сүтті шоколады, 300 г
  - Шоколадты және сүтті салмалары бар және печенье қосылған «Milka» сүтті шоколады, 300 г
  - Карамель ішіндегі жержаңғақ қосылған «Milka» сүт шоколады, 276 г
  - Сүт салмасы бар сүт шоколадынан жасалған «Milka» кәмпиттері, 110 г
  - Жаңғақ салмасы бар сүт шоколадынан жасалған «Milka» кәмпиттері, 110 г
  - Карамель ішіндегі жержаңғақ қосылған «Milka» сүт шоколады, 37 г
  - «Milka» «Waffelini Chocomaх» сүт шоколадымен қапталған какао салмасы бар вафли, 31 г
  - Шырша түріндегі ақ шоколад қосылған «Milka» сүт шоколады, 100 г
  - Аяз Ата пішінді «Milka» сүт шоколады, 85 г
  - Ортасы сүт шоколады мен орман жаңғағының пастасынан жасалған шар пішінді «Milka» сүт шоколады, 90 г

- Крем тәрізді сүт салмасы бар шар түріндегі «Milka» «Snow Balls» пішінді сүт шоколады, 112 г
  - Қантпен қапталған шар тәрізді «Milka» «Mini Snow Balls» пішінді сүт шоколады, 100 г
  - «Milka» OREO ассорти кондитерлік тағамдарының сыйлық жинағы, 190 г
  - Кәмпит түріндегі қаптамаға салынған «Milka» ассорти кондитерлік тағамдарының сыйлық жинағы, 94,5 г
  - Сүт шоколадымен қапталған «Milka» піспенаны, 200 г
  - Сүт шоколадымен қапталған «Milka» піспенаны, 40 г
  - Шоколад салмасы және сүт шоколадының тілімдері бар бисквитті «Milka» тортшасы, 175 г
  - Сүт шоколадымен қапталған сұлы үлпектері бар тұтас дәнді ұннан жасалған «Милка» піспенаны, 168 г
  - Жартылай сүт шоколадымен қапталған сүт салмасы бар «Milka» піспенаны, 187 гр
  - Сүт шоколадымен қапталған "Милка Лиля Стикс" таяқша түріндегі піспенаны, 112 г
  - "Milka Lila Cake (Лилля кейк)" қос қабатты бисквит тортшасы: сүт шоколадының тілімдері бар бисквит және какао қосылған бисквит, 140 г
  - Шоколад салмасы мен сүт шоколадының тілімдері бар «Милка» бисквит тортшасы, 35 г
  - Жартылай сүт шоколадымен қапталған сүт салмасы мен какао бар "Милка Милк энд Шок Вайт" піспенаны, 187 гр
  - «Milka» піспенаны, Жаңа жылдық жинақ, Ассорти, 170 г
  - Сүт шоколадының тілімдері мен салмасы бар «Milka» піспенаны, 156 г
  - Сүт шоколадымен қапталған какао салмасы бар «Milka» вафлиі, 30 г.
- (әрі қарай – Өнім)

## 6.2. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

6.2.1. Акция Ережелері [kz.promo.milka.ru](http://kz.promo.milka.ru) сайтында жарияланады.

6.2.2. Акцияны ақпараттық қолдауды Тапсырыс беруші жүзеге асырады:

- a. Акцияның Қауырт желі телефоны: 8-800-070-03-15 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін). «Қауырт желі» демалыс пен мейрам күндерін қоспағанда, сағат 12:00 – 21:00 аралығында дүйсенбіден жұмаға дейін күнделікті жұмыс істейді. Ақпараттық «Қауырт желі» жұмысының тәртібі Тапсырыс берушінің қарауына қарай кез келген уақытта операторлардың жұмыс режимінен автохабарлаушы жұмыс режиміне ауыстырылуы мүмкін.
- b. Тапсырыс берушінің [mdlz.consumer@mdlz.com](mailto:mdlz.consumer@mdlz.com) электрондық адресіне хабарласу арқылы
- c. Ұйымдастырушының және(немесе) Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша өзге әдістермен.

## 7. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

7.1. Акцияның жүлде қоры Кепілді және Аралық, Бас жүлделерден (осы жерде, жоғарыда және әрі қарай – «Акция Жүлделері») тұрады.

7.2. Кепілді жүлделер:

- №1-Деңгей Жүлдесі – 100 (бір жүз) теңге номиналында ұялы телефон теңгеріміне ақша салу – 2 064 (екі мың алпыс төрт) дана.

7.3. Аралық жүлделер:

- №2-Деңгей Жүлдесі – ұялы телефон теңгеріміне 2 000 (екі мың) теңге – 130 (бір жүз отыз) дана;
- №3-Деңгей Жүлдесі – 5 000 (бес мың) теңге – 65 (алпыс бес) дана;
- №4-Деңгей Жүлдесі – 10 000 (он мың) теңге – 65 (алпыс бес) дана;
- №5-Деңгей Жүлдесі – 15 000 (он бес мың) теңге – 39 (отыз тоғыз) дана;

7.4. Бас жүлделердің жалпы саны – 3 (үш) дана, соның ішінде:

- 1 000 000 (бір миллион) теңге – 3 (үш) дана.

7.5. Акция Жүлделерінің жалпы саны мен құрамы Акцияға Тапсырыс берушінің шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

## II. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

### 8. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1. Акцияға 16 жастан асқан жеке тұлғалар: ҚР азаматтары мен ҚР аумағында тұратын және ҚР ықтиярхаты бар шетел азаматтары қатыса алады (осы жерде, жоғарыда және әрі қарай бірге – «Қатысушылар», ал жеке-жеке – «Қатысушы»).

8.2. Акцияға 16-18 жас аралығындағы азаматтардың қатысуы ата-анасының, қамқоршылардың; Ережелердің осы тармағында көрсетілген басқа тұлғалардың келісімімен – олар әрекет етуге толық қабілетті болғанда ғана рұқсат етіледі.

8.3. Келесі тұлғалар Акцияға қатыстырылмайды:

- Тапсырыс берушінің және (немесе) Ұйымдастырушының қызметкерлері, сондай-ақ Тапсырыс беруші дистрибьюторының өкілдері;
- Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған жеке тұлғалар;
- жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары.
- Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты қызметкерлер мен заңды тұлғалардың өкілдері;
- осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмейтін басқа тұлғалар.

## 9. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ

Акцияға қатысу үшін Акция Мерзімі ішінде келесі әрекеттерді жасау қажет:

### **а. Өнімді сатып алу және зат сатып алынғанын растайтын Фискалдық чекті сақтап қою:**

9.1. Осы Ережелердің 5.1.-т сәйкес мерзімде Өнімнің ең кемінде 1 (бір) бірлігін сатып алу, зат сатып алғанын растайтын және бақылау-касса машинасының чегінің пішіні мен мазмұны туралы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келетін бақылау-касса машинасының чегін (фискалдық чекті) (әрі қарай – «Чек») алып, сақтап қою.

9.1.1. Қатысушы сатып алатын Өнімнің саны шектелмеген.

9.1.2. Чектегі өнім «Milka» тауар белгісінің атауымен белгіленуі тиіс

9.2. Сайтта Чекті және осы Акция Ережелерінің 9.3-9.20 тармақш. талаптарға сәйкес сатып алынған Өнім санын тіркеу.

9.3. Чекте келесі ақпараттың болуы міндетті талап болып табылады:

- Сатып алынған Өнімнің атауы және саны
- Дүкеннің мекенжайы
- Сатып алу күні және уақыты

9.4. Акцияға Акция Мерзімінде сатып алынған Өнім Чектері ғана қатысады.

9.5. Акция Мерзіміне сәйкес келмейтін зат сатып алу күні көрсетілген чектер Акцияға қатыстырылмайды.

9.6. Фискалдық чектердің пішіні мен мазмұнына қойылатын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін осы Ережелердің 9.3-т. көрсетілген қандай да бір ақпараты жоқ чектер Акцияға қатыстырылмайды.

### **б. Сайтта тіркелу.**

9.7. Тіркеуден өту үшін Сайтқа кіріп, елді – Қазақстанды таңдау, Сайттың қазақстандық нұсқасына өткеннен кейін Тіркеу нысанының барлық жолдарын толтыру, сондай-ақ Жеке деректерді өңдеуге Келісім мен Акция Ережелеріне Келісім беру қажет.

9.8. Әрбір Қатысушы Сайтта бір рет қана тіркеле алады. Бірнеше рет тіркелу дерегі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы осындай Қатысушыны Акцияға қатыстырудан/Акция жүлдесін беруден бас тартуға құқылы.

9.9. Сайтқа тіркелген кезде Қатысушымен енгізілетін деректер нақты, дұрыс әрі өзекті (анық) болуы тиіс.

9.10. Акция Қатысушыларының тіркелген кезде жіберген қателері үшін, сондай-ақ тіркелген кезде көрсеткен мәліметтердің дұрыстығы үшін Ұйымдастырушы жауап бермейді және деректері тиісті түрде дұрыс толтырылмаған немесе нақты болмаған (толық емес немесе дұрыс емес ақпарат енгізген) Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан/оларға Акция жүлдесін беруден бас тартуға құқылы.

### **с. Чекті тіркеу.**

9.11. Чекті(-терді) тіркеу кезінде Қатысушы Чектің(-тердің) суретін (чектің JPEG, JPG, PNG форматындағы сканерленген көшірмесін немесе фотосуретін) Сайттағы Жеке кабинетке жүктеп, Чектің тіркеу нысанын (әрі қарай – «Чектің Тіркеу нысаны») Сайтта толтыруы қажет, бұл ретте арнайы жолдарда Чекте көрсетілген деректерді көрсетуі тиіс:

- Сауда нүктесінің мекенжайы (Чекте көрсетілген);
- Сауда жасалған күн (Чекте көрсетілген);
- «00 (сағат): 00 (минут)» форматында сауда жасалған уақыт (Чекте көрсетілген),
- Сатып алынған Өнімдердің атауы мен саны (Чекте көрсетілген).

Қатысушының Жеке кабинетінде Чекті жүктегеннен кейін бірден «Чек модерациядан өтуге қабылданды» деген ақпарат көрсетіледі.

9.11.1. Әрбір тіркелген Чекке Модерациядан өту үшін бірегей реттік тапсырыс нөмірі (әрі қарай – «Тапсырыс нөмірі») беріледі.

9.11.2. Сайтта Чекті Тіркегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде Ұйымдастырушы операторы (әрі қарай – «Оператор») Чектің осы Ережелердің шарттарына сәйкестігін (әрі қарай – «Модерация») тексереді.

9.12. Модерация нәтижелері:

9.12.1. Егер Чек осы Ережелердің шарттарына сәйкес келетін болса, Қатысушының Жеке кабинетінде жиналған Жүрекшелер саны туралы ақпарат көрсетіледі;

9.12.2. Егер Чек осы Ережелердің талаптарына сәйкес келсе, бірақ Чекті тіркеу жолдарын толтырған кезде қате Өнім саны немесе қате Өнім атауы көрсетілсе, Ұйымдастырушының Модерация өткізетін Операторы қате көрсетілген ақпаратты жүктелген Чектің суретінде көрсетілген деректерге сәйкес өзі түзейді, бұл ретте Қатысушының Жеке кабинетінде Чекті растау туралы ақпарат, сондай-ақ жиналған Жүрекшелер саны туралы ақпарат көрсетіледі;

9.12.3. Қатысушының Сайтта Тіркеу нысанын толтырған кезде көрсеткен деректерінде Акция Ережелеріне қандай да бір сәйкессіздігі анықталған жағдайда немесе Сайтқа жүктелген Чектің Акция талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Қатысушының Жеке Кабинетінде Чекті қабылдамау себебі айтылған терезе көрсетіледі (мысалы, жүктелген чекте қажетті мөлшердегі Өнім болмаса немесе жүктелген Чектің деректері Тіркеу нысанына енгізілген деректерге сәйкес келмесе және т. б.) электрондық хабарлама жіберіледі.

9.13. Модерациядан өткен жағдайда, Қатысушыға Акцияның осы Ережелерінің 9.15-тармағына сәйкес тіркелетін өнімнің санына сәйкес Жүрекшелер есептеледі.

9.14. Чектер төмендегі жағдайларда Акцияға қатыстырылмайды, егер:

- Сайттағы Чекті Тіркеу нысанына енгізілген және Сайтқа жүктелген Чектің суретіне Чектің деректері сәйкес келмесе;

- Чекте көрсетілген күн осы Ережелердің 5.2-т. көрсетілген кезеңге сәйкес келмесе;

- Ұйымдастырушы Чекті Чектің түпнұсқасы ретінде сәйкестендіре алмаса (қателері бар, ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді және т. б.);

- Чек бүлінсе/чек бүтін болмаса. Чектің бүтіндігі толық көлемде сақталуы тиіс. Чек әр түрлі механикалық жолмен зақымдалса: умаждалса, су болып қалса, жыртылса, чектегі ақпарат оқылмаса және т. б. жарамсыз болып саналады;

- Сайтқа жүктелген Чектің суреті анық емес, көмескі болса, Чектегі ақпаратты оқу мүмкін болмаса,

- Чек осы Ережелердің 9.3 – 9.6-тармақш. көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе.

9.15. Модерациядан өткеннен кейін 1 (бір) тіркелген Өнім үшін Қатысушы 1 (бір) Жүрекше алады.

9.16. Қатысушы Сайтқа суреті жүктелген Чектің(-тердің) түпнұсқасын қағаз түрінде сақтап қоюы тиіс (әрі қарай – «Чектің түпнұсқасы»). Қатысушыны Акцияның Аралық немесе Бас жүлделерінің Жеңімпазы деп таныған жағдайда, Қатысушы Акция Ұйымдастырушысына Чектердің түпнұсқаларын көрсетуі тиіс, бұл ретте Чектер (түпнұсқалары) Сайтқа жүктелген Чектердің фотосуреттеріне сәйкес келуі тиіс.

9.17. Чектердің (түпнұсқалардың) бүтіндігі толық көлемде сақталуы тиіс. Чектер әр түрлі механикалық жолмен зақымдалса: умаждалса, су болып қалса, жыртылса, Чектердегі ақпарат оқылмаса және т. б. жарамсыз болып саналады.

9.18. 1 (бір) Чек пен онда көрсетілген Өнімдер саны Сайтта бір рет тіркеле алады. Қатысушы бір Чектің деректерін екі рет немесе одан да көп тіркеуге әрекеттенген жағдайда, Чектің қайта тіркелген деректері мен Чектің өзі де Акцияға қатыстырылмайды.

9.19. Қатысушылар тіркеген Чектердің барлық суреттері мен деректері Ұйымдастырушының Акция Қатысушылары туралы ақпараттан тұратын дерекқорында (әрі қарай «Ұйымдастырушының Дерекқоры») сақталады.

9.20. Чектерді Ұйымдастырушының Дерекқорына тіркеу Осы Ережелердің 5.2.-т. сәйкес Акция Кезеңінде күн сайын 24 сағат бойы іске асырылады.

9.21. Әрбір Қатысушы осы Ережелердің талаптарын орындаған жағдайда, Акцияға шектеусіз мәрте қатысуға (Чектердің шектеусіз санын тіркеуге) құқылы.

Оператор Қатысушымен оның берген байланыс арналары бойынша байланыса алады: электрондық пошта немесе ұялы телефон.

Қатысушы тіркеген ұялы телефон нөмірі, сондай-ақ электрондық пошта адресі Акцияның бүкіл Мерзімі ішінде Қатысушы атына сақталуы тиіс. Үшінші тұлға ұялы телефон нөмірін өз атына тіркеген, тіркелген ұялы телефон нөмірі және (немесе) электрондық пошта адресі өзгертілген жағдайда, Жеңімпаз Акция Жүлдесін алу құқығынан айырылады. Басқа телефон нөмірімен және (немесе) электрондық адреспен екінші рет тіркелуге рұқсат етілмейді.

Қатысушы тіркеген ұялы телефон нөмірі, сондай-ақ электрондық пошта адресі Акцияның бүкіл Мерзімі ішінде Қатысушы атына сақталуы тиіс. Үшінші тұлға ұялы телефон нөмірін өз атына тіркеген, тіркелген ұялы телефон нөмірі және (немесе) электрондық пошта адресі өзгертілген жағдайда, Жеңімпаз Акция Жүлдесін алу құқығынан айырылады. Басқа телефон нөмірімен және (немесе) электрондық адреспен екінші рет тіркелуге рұқсат етілмейді.

### III. АКЦИЯНЫҢ ҰТЫС ОЙЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ШАРТТАРЫ

#### 10. Жүрекшелер

10.1. Жүрекшелер –Қатысушыларға өздері сатып алған Өнімге сәйкес есептелетін, Сайтта қолданылатын есептеудің шартты бірлігі (балл). Жүрекшелердің жалпы саны Қатысушының Сайттағы Жеке кабинетінде көрсетіледі.

Жүрекшелер Қатысушының деңгейлік ұтыс ойындарына қатысу кезінде Жеке кабинетінің есебінен шығарылады.

Жүректе жүрекшелер шкаласы бойынша өз құндылығы бар, атап айтқанда:

Өнімдер мен жүрекшелер саны көрсетілген кесте:

Өнімнің атауы	Жүрекшелер саны
§ «Milka» сүт шоколады, 90 г	1
§ Орман жаңғағы қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г	1
§ Бүтін бадам қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г	1
§ Бүтін орман жаңғағы қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г	1
§ Жержаңғақ, қытырлақ карамель тілімдері, күріш түйіршіктері мен жүгері үлпектері қосылған «Milka» сүт шоколады, 90 г	1
§ «OREO» піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 92 г	1
§ «LU» піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 87 г	1
§ «TUC» тұзды кректері қосылған «Milka» сүт шоколады, 87 г	1
§ «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 80 г	1
§ Орман жаңғағы қосылған «Milka Bubbles» ақ борпылдақ шоколады, 83 г	1
§ Кокос салмасы бар «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 97 г	1
§ Капучино дәмінен жасалған салмасы бар «Milka Bubbles» борпылдақ сүт шоколады, 97 г	1
§ Чизкейк дәмінен жасалған салмасы, құлпынай салмасы бар және піспенан қосылған «Milka» сүт шоколады, 300 г	3
§ OREO піспенаны қосылған «Milka» сүт шоколады, 300 г	3
§ Сүтті және карамельді салмалары бар және бүтін орман жаңғағы қосылған «Milka» сүтті шоколады, 300 г	3
§ Шоколадты және сүтті салмалары бар және печенье қосылған «Milka» сүтті шоколады, 300 г	3
§ Карамель ішіндегі жержаңғақ қосылған «Milka» сүт шоколады, 276 г	3
§ Сүт салмасы бар сүт шоколадынан жасалған «Milka» кәмпиттері, 110 г	2
§ Жаңғақ салмасы бар сүт шоколадынан жасалған «Milka» кәмпиттері, 110 г	2
§ Карамель ішіндегі жержаңғақ қосылған «Milka» сүт шоколады, 37 г	1
§ «Milka» «Waffelini Chocomaх» сүт шоколадымен қапталған какао салмасы бар вафли, 31 г	1
§ Шырша түріндегі ақ шоколад қосылған «Milka» сүт шоколады, 100 г	1
§ Аяз Ата пішінді «Milka» сүт шоколады, 85 г	2
§ Ортасы сүт шоколады мен орман жаңғағының пастасынан жасалған шар пішінді «Milka» сүт шоколады, 90 г	2
§ Крем тәрізді сүт салмасы бар шар түріндегі «Milka» «Snow Balls» пішінді сүт шоколады, 112 г	3
§ Қантпен қапталған шар тәрізді «Milka» «Mini Snow Balls» пішінді сүт шоколады, 100 г	2
§ «Milka» OREO ассорти кондитерлік тағамдарының сыйлық жинағы, 190 г	3
§ Кәмпит түріндегі қаптамаға салынған «Milka» ассорти кондитерлік тағамдарының сыйлық жинағы, 94,5 г	3
§ Сүт шоколадымен қапталған «Milka» піспенаны, 200 г	2
§ Сүт шоколадымен қапталған «Milka» піспенаны, 40 г	1
§ Шоколад салмасы және сүт шоколадының тілімдері бар бисквитті «Milka» тортшасы, 175 г	2

§ Сүт шоколадымен қапталған сұлы үлпектері бар тұтас дәнді ұннан жасалған «Милка» піспенаны, 168 г	2
§ Жартылай сүт шоколадымен қапталған сүт салмасы бар «Milka» піспенаны, 187 гр	2
§ Сүт шоколадымен қапталған "Милка Лила Стикс" таяқша түріндегі піспенаны, 112 г	1
§ "Milka Lila Cake (Лила кейк)" қос қабатты бисквит тортшасы: сүт шоколадының тілімдері бар бисквит және какао қосылған бисквит, 140 г	2
§ Шоколад салмасы мен сүт шоколадының тілімдері бар «Милка» бисквит тортшасы, 35 г	1
§ Жартылай сүт шоколадымен қапталған сүт салмасы мен какао бар "Милка Милк энд Шок Вайт" піспенаны, 187 гр	2
§ «Milka» піспенаны, Жаңа жылдық жинақ, Ассорти, 170 г	3
§ Сүт шоколадының тілімдері мен салмасы бар «Milka» піспенаны, 156 г	2
§ Сүт шоколадымен қапталған какао салмасы бар «Milka» вафлиі, 30 г	1

10.2. **Белсенді Жүрекшелер** – Қатысушының Жеке кабинетінде пайдаланылмаған Жүрекшелер саны, оны №2 – №5 Деңгей Жүлделерінің ұтыс ойындарына қатысу үшін қолдануға болады.

10.3. Келесі деңгейлерде Жүлделер ұтыс ойынына қатысу үшін Акцияның бүкіл кезеңінде Белсенді Жүрекшелердің қажетті саны:

Жүрекшелер саны	Деңгейге қатысу
5 жүрекше	№2-деңгей
10 жүрекше	№3-деңгей
15 жүрекше	№4-деңгей
20 жүрекше	№5-деңгей

10.4. Деңгейлерді ашу кезінде Мәртебедегі Жүрекшелер азаймайды және Жеке Кабинеттің есебінен шығарылмайды.

10.5. Белсенді жүрекшелер №5-Деңгейдегі Жүлделер ұтыс ойынына қатысу кезінде Қатысушының Жеке Кабинетінің есебінен шығарылады.

10.6. **Қосымша жүрекшелер** (1 (Бір) жүрекше мөлшеріндегі) мотивациялық бонус түрінде Қатысушыға есептеледі:

10.6.1. Қатысушының Сайтта тіркелуі кезінде – 1 (Бір) жүрекше;

10.6.2. Әр шақырылған Дос үшін. Ол үшін Қатысушы Досына өзінің жеке кодын (әрі қарай – «Код») жіберуі қажет, ол Сайтта Қатысушыны тіркеу кезінде Қатысушының Жеке Кабинетінде қалыптасады.

Досы Акцияға қатысу үшін Қатысушының жеке кодын қолдана отырып, Сайтта тіркеліп, Фискалдық чекті жүктеп және модерациядан өткен жағдайда 1 (Бір) жүрекше Қатысушыға есептеледі. Есептелетін Қосымша жүрекшелер саны шектеулі: әр Деңгейде 1 Қосымша жүрекше.

10.7. Осы Ережелердің 7-т. көрсетілген Жүлделер саны таусылса, Деңгей барлық Қатысушылар үшін қолжетімсіз болады.

**10.8. Қатысушы осы Ережелердің IV -Бөліміне сәйкес «Қазақстанның Қызыл жарты айы» Қайырымдылық қорына өзі жинаған жүрекшелердің кез келген санын жібере алады.**

## 11. Деңгей Жүлделерінің иелері:

11.1. Осы Ережелердің 10.3-тармағында сипатталған көлемде Қатысушы Мәртебесінде Жүрекшелер алғаннан кейін Қатысушы Сайтта сәйкес деңгейдің Жүлделер Ұтыс ойынына қатыса алады:

Белсенді жүрекшелер саны	Деңгей	Қатысу шарттары және Жүлделер
2 жүрекше	1	Кепілді жүлде – ұялы телефон теңгеріміне 100 теңге
5 жүрекше	2	№2-Деңгей Жүлделері ұтыс ойынына қатысу
10 жүрекше	3	№3-Деңгей Жүлделері ұтыс ойынына қатысу
15 жүрекше	4	№4-Деңгей Жүлделері ұтыс ойынына қатысу
20 жүрекше	5	№5-Деңгей Жүлделері ұтыс ойынына қатысу

11.2. Кепілді жүлдені алу үшін Қатысушы:

11.2.1. Жеке Кабинетте кем дегенде 2 (Екі) Белсенді Жүрекше жинауы қажет;

11.2.2. Кепілді Жүлде 3 (үш) жұмыс күн ішінде автоматты түрде Сайтта Жеке Кабинетте пайда болады;

11.2.3. Кепілді Жүлде 10 (он) жұмыс күн ішінде Қатысушының Жеке кабинетінде көрсетілген Қатысушының ұялы телефон нөміріне есептеледі.

11.3. Аралық жүлделер:

11.3.1. №2 – №5-Деңгейлердегі Жүлделердің Ұтыс ойынына қатысу үшін Қатысушы №2-№5-Деңгейлерге сәйкес Жүлдегі көрсете отырып, суретті шертуді тиіс, оған қатынау Қатысушының Жеке Кабинетінде көрсетіледі.

№2 – №4-Деңгейлеріндегі Жүлделердің ұтыс ойынына қатысу осы Акция Ережелерінің 10.5-т. сәйкес Қатысушының Жеке Кабинетінде белсенді жүрекшелер саны толықтай есептен шығарылғанша, бір рет өткізіледі.

11.3.2. №2 – №5-Деңгейлердегі Жүлделердің Жеңімпаздары күн сайын анықталады.

11.3.3. №2 – №5-Деңгейлердегі барлық Жүлделер рандомды түрде, арнайы компьютер бағдарламасының көмегімен анықталады.

11.4. Кепілді жүлде Иесі осы Ережелердің 7-т. көрсетілген өнімді сатып алған, тіркелген және келесі мерзімде чектерді тіркеудің сәйкес кезеңі үшін кемінде 2 (Екі) жүрекше алған Қатысушылар арасынан анықталады:

Чектерді тіркеу кезеңі	Жеңімпаздарды анықтау (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша)	Бас Жүлде, д.
01.10.2020 ж. сағат 00 бастап 31.10.2020 ж. сағат 23:59:59 дейін	05.11.2020 ж. сағат 00 бастап 15.11.2020 ж. 23:59:59 дейін.	1 (Бір)
01.11.2020 ж. сағат 00 бастап 30.11. 2020 ж. сағат 23:59:59 дейін	05.12.2020 ж. сағат 00 бастап 15.12.2020 ж. сағат 23:59:59 дейін.	1 (Бір)
01.12.2020 ж. сағат 00 бастап 31.12.2020 ж. сағат 23:59:59 дейін	05.01.2021 ж. сағат 00 бастап 15.01.2021 ж. сағат 23:59:59 дейін.	1 (Бір)

11.5. Кепілді Жүлделер ұтыс ойындарын Ұйымдастырушының 2 (екі) өкілінен тұратын комиссия нотариустың қатысуымен, Акция Қатысушылары арасында кездейсоқ іріктеу жолымен Жеңімпаздарды анықтайтын арнайы компьютерлік бағдарламаны (әрі қарай – «Комиссия») пайдалана отырып өткізеді. Әр Кепілді Жүлделер ұтыс ойыны барысында 1 (бір) Жеңімпаз бен 3 (үш) Балама үміткерді (әрі қарай – «Балама үміткер») анықтайды.

11.6. Әр Кепілді Жүлделер ұтыс ойындарының өткізілу қорытындылары бойынша Комиссия мүшелері ұтыс ойынның хаттамасына қол қояды, комиссия мүшелерінің ұтыс ойын хаттамасына қойған қолдарының шынайылығын нотариус куәландырады.

11.7. Кепілді Жүлделер ұтыс ойынының Жеңімпазы анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы осындай жеңімпазды Кепілді Жүлделер ұтыс ойынының нәтижелері туралы Қатысушының Сайтта тіркелу кезінде көрсеткен Қатысушының телефон нөміріне қоңырау шалу және (немесе) электрондық адресіне электрондық хат жіберу арқылы хабардар етеді.

11.8. Егер қандай да бір себептермен (телефон байланыс аймағынан тыс болса, Жеңімпаз қоңырауға, электрондық хатқа және басқасына жауап бермесе) Ұйымдастырушы ұтыс ойыны өткізілген сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпазбен байланыса алмаса, Жеңімпаз өзінің жеңіске деген мүмкіндігін жоғалтады, ал Жүлде Балама үміткерге қайта тағайындалады. Балама үміткермен байланыс болмаған жағдайда, Жүлде келесі Балама үміткерге ауысады.

11.9. Ұтыс ойындар Жеңімпаздарының аты-жөндері Сайтта, «Жеңімпаздар» бөлімінде, Жүлделердің кезекті ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 5 күнтізбелік күн ішінде жариялануы тиіс.

11.10. Жүлделер Жеңімпаздарының толық тізімі 15.01.2021 ж. кешіктірілмей Сайтта орналастырылатын болады.

## 12. АКЦИЯНЫҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ БАС ЖҮЛДЕЛЕРІН АЛУ ШАРТТАРЫ

12.1. Қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде әр Деңгейде жүлделердің шектелмеген санын ала алады.

12.2. Қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде 1 (Бір) ғана Кепілді Жүлде ала алады.

12.3. Бас және/немесе Аралық жүлделерді алу үшін Акция Жеңімпаздары ұтыс туралы хабарлама алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей Ұйымдастырушыға келесі құжаттарды\*



беруі тиіс:

- ЖСН деректерін міндетті түрде көрсете отырып, Жеңімпаздың қолданыстағы жеке куәлігінің/ықтиярхатының көшірмесі;
- ҚР екінші деңгейлі банктегі Қатысушының ағымдағы шоты мен оған бекітілген банк картасының нөмірі туралы мәліметтен тұратын банк шотының бар-жоғы туралы анықтамасы (қағаз немесе электрондық нұсқада);
- Өнімді сатып алғанын растайтын Фискалдық чектердің түпнұсқалары.
- Жеңімпаздың пошта индексі көрсетілген нақты тұрғылықты мекенжайы.

12.4. Барлық құжаттардың көшірмелері анық, әріптері мен сандары көрінетіндей болуы тиіс. Жеке басын/ықтиярхатын куәландыратын құжаттардың көшірмелері құжаттың екі жағынан түсірілуі тиіс.

12.5. Ұйымдастырушы Жеңімпаздан Жүлдені алуға қажетті басқа құжаттарды (мемлекеттік органдар және тағы басқалар сұрайтын қосымша құжаттарды) сұрауға құқылы.

12.6. Жеңімпазға тиесілі Бас/Аралық Жүлденің сомасы – осы Ережелердің 12.3.-т. көрсетілген тәртіпте барлық құжаттарды Акция Жеңімпазы бергеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күн ішінде Жеңімпаздың банк шотына (банк шотының бар болуы жөніндегі Анықтама деректеріне сәйкес) аударылатын болады.

12.7. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушыға қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартса немесе басқа себептер бойынша бермесе, сондай-ақ егер талап етілген құжаттардың толық жиынтығы жіберілмесе немесе жіберілген көшірмелердің сапасы оларды сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, Ұйымдастырушы мұндай жеңімпазға Акция Жүлдесін беруден бас тартуға, Ал Тапсырыс беруші оларды өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

12.8. Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен Сайтқа тіркелу кезінде өзі көрсеткен байланыс ақпараты (телефон/электрондық адресі) бойынша Акция Жеңімпазымен байланысу мүмкін болмауы Қатысушының Жүлдені алудан бас тартуы деп есептелінеді. Акция Жүлдесін Жеңімпаз талап ете алмайды.

12.9. Ұйымдастырушы Жеңімпаздың/Балама үміткерлердің осы Акция Ережелерінің талаптарына және шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ осы Ережелермен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда оған/оларға Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

12.10. Акция Қатысушылары талап етпеген барлық Акция Жүлделерін алудан бас тартқан Акция Жүлделерін Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша пайдаланады.

12.11. Жеңімпаздың Жүлдені басқа тұлғаларға беруіне рұқсат етілмейді. Акция Жүлделерін алғанға дейін кез келген әрекеттер, операциялар, мәмілелер жасауға рұқсат етілмейді, мұндағы Акция Жүлделерін немесе оларды алу құқығы келісім заты, төлем құралы немесе кепіл заты болып табылады.

12.12. Жеңімпаздардың Жүлдені алуына байланысты туындаған кез келген шығындарын, залалдарын Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші өтеп бермейді. Ұйымдастырушы Акция Қатысушыларына Акция Жүлделерін алу орнына дейінгі жолдарына байланысты шығындарды төлемейді.

12.13. Жеңімпаздардың Акция Жүлделерін алуына байланысты туындайтын жеке табыс салығын ҚР салық заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушы салық агенті ретінде өз бетімен төлейді.

Акция Жеңімпазының Акция Жүлдесін алуына, иеленуіне байланысты туындайтын өзге төлемдерді, алымдарды, Қазақстан Республикасының (немесе) өзге елдердің бюджетіне төленетін салықтарды, комиссияларды және басқа қосымша төлемдерді Жеңімпаз өз бетімен төлейді.

12.14. Егер Қатысушының тіркелу кезінде көрсеткен ұялы телефон нөмірі (Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі) заңды тұлғаға, басқа жеке тұлғаға тіркелсе (Қатысушының тіркеу деректері мен телефон нөмірі иесінің деректері сәйкес келмеген жағдайда), Ұйымдастырушының Қатысушыға Жүлдені беруден бас тарту немесе беруді кейінге қалдыру (жүлделерді бермеудің тиісті себептерін жойғанға дейін) құқығын өзіне қалдыратынына келіседі.

12.15. Ұйымдастырушы алаяқтық: Сайтқа тіркелу кезіндегі алаяқтық, Сайттың жұмысын бұзу талпыныстары, өзі туралы анық емес деректер немесе жалған құжаттар беру және басқа бұзу жағдайлары анықталған жағдайда Жүлделерді бермейді. Оператор алаяқтық пен бұрмалауларды өз қалауы бойынша анықтайды. Қатысушының Акцияға қатысу нәтижелерін бұрмалауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаны немесе скрипттерді пайдаланатынына күдіктенген жағдайда, Қатысушы автоматты түрде Акция шарттарын бұзды болып есептеледі және оған қосымша хабарланбастан және себептері түсіндірілместен оның жеке кабинеті Акцияның соңына дейін бұғатталады.

12.16. Осы Ережелерді кез келген бұзу дерегі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы осындай тұлғаларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) оларға Акция Жүлдесін беруден бас тартуға



құқылы.

#### **IV. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАҒА ҚАТЫСУ**

13. Әрбір Қатысушы Акцияның «Қазақстанның Қызыл жарты айы» қайырымдылық бөлігіне қосыла алады.

«Қазақстан Республикасының Қызыл жарты ай Қоғамы» Қоғамдық Бірлестігі (әрі қарай – «Қоғам») төтенше жағдайлар туындаған жағдайда мемлекетке қатысты қосымша орган болып табылады, халыққа алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйретеді, сондай-ақ көп балалы тұрмысы төмен отбасыларға, жалғызбасты аналарға және жалғызбасты қарт адамдарға көмектеседі. Қоғам туралы ақпарат <https://redcrescent.kz/ru/> сайтында орналастырылған

14. Қайырымдылық жобаға қатысу үшін Акция Мерзімінде Өнімді сатып алу, Сайтта Чектерді тіркеу және Жүрекшелерді жинау қажет. Жиналған жүрекшелердің бір бөлігін Қатысушы «Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты айы Қоғамы» Қоғамдық Бірлестігіне қайырымдылық көрсету ретінде аударып алады. Әр қайырымдылықпен берілген жүрекше 200 (Екі жүз) теңгеге айырбасталып, Ұйымдастырушымен Қоғамға жіберіледі.

15. Акция Ұйымдастырушысының Қоғамға беретін жалпы сомасы Акция Қатысушыларының қайырымдылықпен сыйға тартылған дерегі бойынша есептеледі, бірақ жиынтықта 3 000 000 (Үш миллион) теңгеден аспайды.

#### **V. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР**

16. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты және өзекті (дұрыс) деректерді көрсетуге, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге, олардың уәкілеттік еткен тұлғаларына ҚР заңнамасында, атап айтқанда, «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V ҚР Заңында және осы Ережеде көзделген жағдайларда және көлемде Қатысушы ұсынған жеке деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, беруге, соның ішінде трансшекаралық, қолдануға, сақтауға келісім (әрі қарай – Келісім) береді.

17. Акцияға қатыса отырып, Акция Қатысушысы Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге, олардың уәкілеттік еткен тұлғаларына оның жеке деректерін, фотосуреттерін, сұхбаттарын, телефон нөмірлерін, e-mail және (немесе) ол туралы басқа материалдарды Тапсырыс берушінің жарнамалық және (немесе) маркетингтік мақсаттарында пайдалану құқығын береді, атап айтқанда, бірақ олармен шектелмей: Тапсырыс берушіге, Ұйымдастырушыға, олардың уәкілеттік еткен тұлғаларына Қатысушының деректері мен материалдарын аумақ, уақыт және пайдалану әдісі бойынша қандай да бір шектеулерсіз БАҚ-та, кез келген баспа басылымдарында, Интернет желісінде жариялау құқығы беріледі; және осындай пайдалануды Акция Ұйымдастырушы немесе Тапсырыс беруші Қатысушыға ешқандай түрде өтемейді (төлемейді).

18. Акцияға қатыса отырып, әрбір Қатысушы оның ұялы телефонына, e-mail адресіне Тапсырыс берушіден, Ұйымдастырушыдан, олармен өкілеттендірілген тұлғалардан Акция Мерзімі және болашақта ол аяқталған күннен бастап 5 жыл ішінде SMS-хабарламаны, жаңалықтарды және басқа ақпараттық/жарнамалық хабарламаларды (жіберілімдерді) алуға келісім береді.

Қатысушы кез келген сәтте help@kz.alpengold.me электрондық адресіне тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, көрсетілген ақпаратты алудан бас тартуға құқылы

19. Қатысушылар өздерінің Акцияны өткізу мақсаты үшін өз еріктерімен берген жеке деректер және ақпарат Ұйымдастырушының және (немесе) Тапсырыс берушінің, сондай-ақ олардың уәкілеттік еткен тұлғаларының деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңделетініне өз келісімдерін береді.

20. Қатысушы Ережелердің 16-т. сәйкес берген Келісімді кез келген Уақытта қайтарып алуға құқылы. Қатысушының берген келісімін қайтарып алу туралы хабарламасын алған жағдайда, Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және (немесе) олардың уәкілеттік еткен тұлғалары осындай Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және қайтарып алу туралы хабарлама түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды. Бұл ретте Қатысушының әрі қарай Акцияға қатысуы және Акция Жұлделерін алуы мүмкін емес.

21. Жеке деректер мен ақпаратты өңдеуге, жинауға, беруге, соның ішінде трансшекаралық пайдалануға, сақтауға келісім Акция Қатысушысымен Акцияны өткізу басталған күннен бастап және ол аяқталған күннен кейінгі 5 жыл мерзіміне беріледі. Акция Қатысушыларының дербес деректері мен ақпараты Ережелердің осы тармағымен белгіленген мерзім өткенге дейін құпиялылық шарттарында ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес сақталады және өңделеді, одан кейін Қатысушылардың дербес деректері мен ақпаратын Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші жоюға тиіс.

## **VI ӨЗГЕ ШАРТТАР**

22. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, Акцияның барлық өткізілу Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен танысқанын және келісетінін растайды, соның ішінде оны Акция Жеңімпазы деп таныған жағдайда, Ұйымдастырушының Сайтта және (немесе) басқа дереккөздерде Жеңімпаз деп тану фактісі туралы ақпаратты, оның тегін, атын, ұялы телефонының нөмірін (ұялы телефонының нөмірі «алдыңғы төрт және соңғы екі саны» форматында жартылай көрсетілетін болады) жариялайтынына келісім беретінін растайды.

23. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, осы арқылы Акцияны, Milka сауда белгісін жарнамалау/анонстау мақсатында оның суреті бар фото/бейнематериалдарды, оның қатысуымен өткен сұхбатты және өзге материалдарды Ұйымдастырушының/Тапсырыс берушінің пайдалануына келісетінін, бұл ретте Қатысушыға сыйақы төленбейді, растайды. Қатысушы Ұйымдастырушыға осындай материалдарды пайдалану құқығын эфирге беру, көпшілікке көрсету арқылы, сондай-ақ Акция мен оның нәтижелерін, сондай-ақ Milka сауда белгісін жұрт алдында жарнамалау/анонстау мақсатында өзге жай авторлық құқықтарын береді;

24. Қатысушыға қатысты материалдарды БАҚ-та орналастырмас бұрын оларды Қатысушының алдын ала келісімінсіз редакциялау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

25. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де төмендегі жағдайлар үшін жауап бермейді:

- Қатысушылардың Акцияға қатысуға және Жүлделер алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);
- Қатысушылардың Акцияны өткізу Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен таныспауы, сондай-ақ Акцияның өткізілу нәтижелерімен таныспауы;
- Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын пошта қызметінің, байланысты ұйымдастыру кінәсінен, Интернет және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе айлакерлік нәтижесінде Қатысушылардан хат алмауы, қоңыраулардың түспеуі және/немесе электрондық хабарламалар алмауы;
- Қатысушылардан Акция Жүлделерін алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмауы (уақтылы алмауы);
- Қатысушылардан Акцияны өткізу және оларға Акция Жүлделерін беру мақсатына қажетті толық емес және/немесе қате байланыс және/немесе өзге мәліметтерді алуы;
- Акция Ұйымдастырушысының кесірінен туындамаған Интернет-провайдерлердің, ұялы телефон операторларының SMS-хабарламаларды кешіктіріп жеткізуі және/немесе жеткізбеуі, сондай-ақ кез келген басқа техникалық ақаулары, алдын алу жұмыстары және т. б.;
- Сайтқа кіріс сұратымдарының көптігіне байланысты ондағы кез келген техникалық ақаулар, соның ішінде ықтимал DDoS-шабуылдар;
- Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары туындаған жағдайда, соның ішінде төтенше жағдай режимін және/немесе COVID-19-ға байланысты шектеу шараларын, тыйым салуларды енгізу.

26. Ұялы телефон нөмірінің, электрондық адресінің сол немесе басқа тұлғаға тиесілі екені туралы даулар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де дауға кіріспейді. Барлық осындай даулар шиеленіс тараптары арасында өз бетімен немесе өз есебінен шешіледі.

27. Осы Ережелерді, кез келген даулы мәселелерді және/немесе осы Ережелерде реттелмеген мәселелерді әртүрлі түсіндіретін жағдайлар туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес соңғы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды.

28. Акция ережелері, өткізу шарты мен кезеңі Акцияның бүкіл Мерзімі ішінде Ұйымдастырушымен/Тапсырыс берушімен өзгертіле/толықтырыла/тоқтатыла алады. Осындай өзгертулер мен толықтырулар Сайтқа жариялаған сәттен бастап күшіне енеді және Акцияға қатысу күніне немесе Қатысушыларды Жеңімпаздар ретінде анықтау күніне қарамастан, Акцияның барлық Қатысушыларына қатысты, егер басқасы Ережелерге тікелей жасалған өзгертулермен/толықтырулармен арнайы анықталмаса.

29. Осы Ережелерде тікелей реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде реттеледі.